6	Қазақ (Орыс) тілі	Пәннің мақсаты - қазақ (орыс) тілін оқытудың халықаралық стандартына сай білім беру, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде және орыс тілін мәдениетаралық әрі кәсіби іс-қимыл тілі ретінде, маңыздылығы мен құндылығын арттыру, болашақ маман иесінің қазақ (орыс) тілін қоғамдық өмірдің ғылыми, әлеуметтік-мәдени, саяси салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолдану құзіреттілігін қалыптастыру. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытады.	10		+													
7	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Бағдарламаның мақсаты ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Пән ақпаратпен жұмыс істеу негіздерін, цифрлық технологиялар мен компьютерлік жүйелерді; бағдарламалық қамтамасыз етуді, интернет-сервистерді, АКТ-ны кәсіби және зерттеу қызметінде қолдануды; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және жасанды интеллект технологияларын зерттейді. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы сандық технология көмегімен әртүрлі қызметтік саласына арналған деректерді басқару	5			+												

		және талдау құрылғыларын жасайды.																
8	Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)	Пән нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік ойлауды, қаржылық жауапкершілікті, құқықтық сауаттылықты дамытуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және заң мен тәртіп қағидаттарына адалдықты тәрбиелеуге бағытталған. Пәннің мазмұны экономика негіздерін, кәсіпкерлікті, қаржылық сауаттылықты, құқықты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы экономикалық шешімдерді тиімді қабылдау, құқықтық қорғау, қаржылық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтау дағдыларын меңгереді.	5										+				+
Базалық пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті																		
9	Туризмдегі бренд менеджменті	Пән ішкі және әлемдік нарықта отандық туристік дестинациялардың брендін әзірлеуге бағытталған. Мазмұны брендті қалыптастыру шарттарын, мақсатты бейнені және позициялауды анықтауды, туристік қызметтерді орналастыру және ілгерілету стратегияларын, дестинация имиджін басқару құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы бәсекелестік ортаны және заманауи маркетингтік коммуникацияларды талдайды.	5				+					+						
10	Мамандыққа кіріспе	Пән туризм және халықаралық туризм саласындағы кәсіби қызметтің практикалық негіздерін қалыптастыруға бағытталған. Пән мазмұны туристік инфрақұрылым кәсіпорындарының құрылымы мен қызмет ету ерекшеліктерін, салалық кейстерді талдауды, оқу туристік маршруттарын әзірлеу негіздерін, туристік өнімді құру қағидаттарын, қызмет сапасын бағалау критерийлерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы практикалық бақылау негізінде туристік инфрақұрылым кәсіпорындарының қызметін	3				+											

		сипаттайды.																
11	Қонақ үй шаруашылығы	Пән қонақүй бизнесін ұйымдастыру негіздерін және орналастыру кәсіпорындарының қызмет ету ерекшеліктерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны қонақжайлылық индустриясының тарихи қалыптасуын, қонақүй ісінің антикалық кезеңнен қазіргі уақытқа дейінгі эволюциясын, саланың даму ауқымын, қонақүй бизнесін ұйымдастыру формаларын, орналастыру құралдарының типологиясын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы қонақүй кәсіпорындарының қызмет ету ерекшеліктерін бағалайды.	8				+								+		
12	Туризм маркетингі	Пән туристік индустриядағы маркетингтік қызмет саласындағы білім мен кәсіби дағдыларды меңгеруге бағытталған. Пән туристік нарықты талдау әдістерін, қызметтерді ілгерілету құралдарын, жарнамалық стратегияларды әзірлеуді, тұтынушылар мінез-құлқының ерекшеліктерін, туризмдегі маркетингтік қызметтің халықаралық тәжірибесін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туризм саласында маркетингтік іс-шараларды әзірлейді.	8						+					+			
13	Туризм саласындағы кәсіпкерлік негіздері	Пән туристік салада кәсіпкерліктің практикалық дағдыларын қалыптастырады. Мазмұны кәсіпкерлік ұғымын, бизнесті жүргізудің құқықтық және экономикалық негіздерін, шағын және орта кәсіпкерліктің құрылымын, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру ерекшеліктерін, бизнес-идеяларды әзірлеу қағидаларын, туризмдегі нарықтық мүмкіндіктерді бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін бағалайды.	5										+				+
14	Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі	Пән экономикалық даму, қоғамның әлеуметтік әл-ауқаты, қоршаған ортаны сақтау және адамның өмірі мен денсаулығын қорғау арасындағы тепе-тендікті	5								+						

		қамтамасыз ету принциптері туралы жүйелі түсінікті қалыптастыруға бағытталған. Ол экология, қоршаған ортаны қорғау, тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және тұрақты даму мәселелерін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы циркулярлы экономика жағдайында энергияны және қалдықтарды басқару міндеттерін шешу кезінде тұрақты даму, экологиялық қауіпсіздік және тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі принциптерін қолданады.																	
15	Экскурсиятану	Пән туристік қызметте экскурсияларды дайындау және өткізу әдістемесінің негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны гид-экскурсоводтың функцияларын, экскурсиялық мәтіндерді әзірлеуді, көрсету объектілерін іріктеуді, экскурсиялық кәсіпорындардың қызметін ұйымдастыруды, Қазақстандағы экскурсиялық істің даму ерекшеліктерін және саланың заманауи үрдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы экскурсиялық бағдарламаларды әзірлейді.	7							+						+	
			Базалық пәндер циклі Таңдау компоненті																
16	Туризмдегі анимациялық қызмет	Пән туристік саладағы анимациялық қызметтің теориялық негіздерін меңгеруге бағытталған. Пәннің мазмұны анимацияның негізгі ұғымдарын, анимациялық бағдарламалардың түрлерін, мәдени-демалыс іс-шараларын ұйымдастыру әдістері, сценарийлерді әзірлеуді, туристік орталықтарда анимациялық бағдарламаларды өткізу ерекшеліктерін, Қазақстандағы анимациялық қызметтің даму тәжірибесін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметте анимациялық бағдарламаларды әзірлейді.	5													+	
17	Турагенттер мен туроператорлардың қызметі	Пән туристік индустрияда туроператорлар мен турагенттердің қызметін ұйымдастыру негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны туроператорлық және турагенттік қызметтің даму бағыттарын,	5													+		

		туроператорлардың жұмысын ұйымдастыру технологияларын, турагенттіктердің қызмет ету ерекшеліктерін, Қазақстандағы туристік қызметті ішкі, кіріс және шығыс туризм аясында ұйымдастыру ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік индустрияда туроператорлар мен турагенттердің қызметін талдайды.																
18	Туризм инфрақұрлымы	Пән туристік қызметтің дамуы мен туристік орталықтардың қызмет етуіндегі туризм инфрақұрылымының рөлін меңгеруге бағытталған. Мазмұны өңірдің инфрақұрылымдық әлеуетінің элементтерін, көлік желілерін, орналастыру құралдарын, демалыс және ойын-сауық объектілерін, туризм кәсіпорындарында қызмет көрсетуді ұйымдастыруды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туризмнің дамуындағы инфрақұрылымның рөлін бағалайды.	5						+	+								
19	Туристік бизнесті халықаралық реттеу	Пән туристік бизнесті халықаралық реттеудің негіздерін және туризм саласындағы халықаралық саясатты қалыптастыру тетіктерін зерттеуге бағытталған. Мазмұны халықаралық туристік саясатты әзірлеу қағидаларын, туризмді реттеудің құқықтық негіздерін, халықаралық ынтымақтастықтың мақсаттарын, халықаралық туристік ұйымдардың қызметін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметті халықаралық реттеу тетіктерін бағалайды.	5											+			+
20	Туризм саласындағы салааралық коммуникация	Пән туристік қызметтегі салааралық коммуникация негіздерін және халықаралық ортадағы өзара әрекеттесу ерекшеліктерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны туристік индустриядағы коммуникативтік үдерістерді, әртүрлі салалар кәсіпорындары арасындағы кәсіби өзара әрекеттесу формаларын, сервис саласындағы тиімді қарым-қатынас қағидаларын, коммуникациялардың туристік ұйымдарды басқарудағы маңызын қамтиды.	5					+	+									

		Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметтегі салааралық өзара әрекеттесуді бағалайды.																
21	Музейтану	Пән музейтанудың теориялық негіздерін және мәдени мұраны сақтаудағы музейлердің рөлін меңгеруге бағытталған. Мазмұны музейтанудың негізгі ұғымдарын, музейлік зерттеу әдістерін, музейлердің пайда болу тарихын, музей мекемелерінің әлеуметтік функцияларын, ғылыми жұмыс ерекшеліктерін, музейлердің мәдени-ағартушылық қызметінің формаларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы музейлік қызметті және музей мекемелерінің функцияларын талдайды.	5					+		+								
22	Туризмдегі көпмәдениеттілік	Пән халықаралық туристік ортада мультикультуралық өзара әрекеттесу негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны ұлттық бизнес-мәдениеттердің ерекшеліктерін, ұлттық мәдениет модельдерінің сипаттамаларын, мәдениетаралық коммуникация факторларын, мәдени айырмашылықтардың халықаралық ұжымдарды басқаруға әсерін, әлемнің әртүрлі аймақтарындағы іскерлік өзара әрекеттесу ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметте ұлттық бизнес-мәдениеттердің ерекшеліктерін интерпретациялайды.	5					+	+									
23	Туризмде қауіпсіз қызмет көрсетуді қамтамасыз ету	Пән туристік қызметте қауіпсіз қызмет көрсетуді қамтамасыз етудің теориялық негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны туризмдегі қауіпсіздік ұғымын, туристік тәуекелдердің түрлерін, туристерді қорғаудың құқықтық негіздерін, қауіптердің алдын алу әдістерін, дағдарыстық жағдайларды басқару технологияларын, қауіпсіздікті мониторингтеу жүйелерін, тәуекелдерді талдаудың цифрлық құралдарын қолдануды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік тәуекелдердің түрлерін, оларды алдын алу шараларын туристерді қорғаудың құқықтық негіздерін ескере отырып талдайды.	5								+				+			

24	Туризм негіздері	Пән туризмнің теориялық негіздерін меңгеруге және туристік индустрияның құрылымы туралы түсініктерді қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны туристік қызметтің базалық ұғымдарын, туристік индустрияның элементтері мен құрылымын, туризмнің экономикалық және әлеуметтік маңызын, саланың нормативтік-құқықтық негіздерін және мемлекеттік реттелуін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туризмнің теориялық негіздерін, туристік индустрияның құрылымын оның экономикалық, әлеуметтік және құқықтық маңызын ескере отырып талдайды.	5					+		+								
25	Туристік бизнесті жоспарлау	Пән туристік бизнесте бизнес-жоспарлаудың экономикалық негіздерін меңгеруге және оның туризм кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы рөлін түсінуге бағытталған. Мазмұны бизнес-жоспарлау әдіснамасын, бизнес-жоспардың құрылымын, кәсіпорын қызметінің экономикалық көрсеткіштерін, қызмет көрсету саласындағы жоспарлау ерекшеліктерін, бәсекелестік ортаны талдауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік кәсіпорынның бизнес-жоспарлауында шешімдерді негіздейді.	5						+			+					
26	Туризмдегі кәсіби этика	Пән кәсіби этика мен әдептілік, басқарушылық этика бойынша білім беруге және командалық жұмыста дағдыларды дамытуға бағытталады. Пәннің мазмұны клиенттермен қарым-қатынас процесін талдау, іскерлік кездесулер мен әңгімелерді жүргізу, сондай-ақ іскерлік өзара әрекеттесуді қиындататын факторларды анықтауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы этикет нормаларын қолдануды, персоналды сыпайы басқаруды және қарым-қатынас процесінде кәсіби шеберліктің жоғары деңгейін көрсетуді үйренеді.	4						+			+					
27	Туристік бизнестегі жарнамалық-ақпараттық қызмет	Пән туристік саладағы жарнамалық-ақпараттық қызметтің әдістері, жарнаманы қолдану формалары, оның тұтынушыларға әсері және жарнамалық жұмысты	5									+		+			

		жоспарлау туралы білімді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны жарнамалық қосымшаларды әзірлеуді, тарату арналарын таңдауды және жарнамалық науқандардың тиімділігін бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік бизнесте жарнамалық-ақпараттық стратегияларды әзірлеу және жүзеге асыру дағдыларын қолданады.																
28	Сакралды туризм	Пән сакралды туризмді ұйымдастыру негіздерін меңгеруге және тарихи-мәдени саяхаттар саласында мамандар даярлауға бағытталған. Мазмұны рухани-экологиялық маршруттарды, сакралды объектілерді, діни ғибадат нысандарын, археологиялық ескерткіштерді, оларды туристік қызметте және мәдени-ағартушылық жұмыста пайдалану ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметте сакралды объектілерді талдайды.	5					+									+	
29	ҚР-дағы сервистік қызмет	Пән Қазақстан Республикасындағы туристік салада кәсіби қызмет үшін сервистік қызметтің негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны нарықтық экономика жағдайында қызмет көрсету саласы кәсіпорындарының жұмыс істеу қағидаларын, материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарды тиімді пайдалануды, туристік қызметті реттеудің нормативтік-құқықтық негіздерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туризм саласындағы сервистік қызметтің ұйымдастырылуын талдайды.	4				+			+								
30	Қонақжайлылық индустриясындағы әлеуметтік-мәдени қызмет	Пән қонақжайлылық индустриясындағы әлеуметтік-мәдени сервистің теориялық негіздерін меңгеруге және оның қызмет көрсету саласындағы рөлін түсінуге бағытталған. Мазмұны сервистің даму тарихын, сервистік қызметтің түрлерін, қызметтерді жіктеу қағидаларын, сервистік қызметтердің сипаттамаларын, қонақжайлылық индустриясындағы қызмет көрсету ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде	5				+	+										

		білім алушы қонақжайлылық индустриясындағы әлеуметтік-мәдени сервистің ерекшеліктерін бағалайды.															
31	Жасанды интеллектке кіріспе (Minor)	Пән жасанды интеллект принциптері мен әдістері туралы базалық түсініктерді қалыптастыруға, кәсіби міндеттерді шешуде интеллектуалды технологияларды қолдануға бағытталған. Пәннің мазмұны жасанды интеллекттің даму кезеңдерін, машиналық оқыту негіздерін, нейрондық желілер элементтерін, деректерді өңдеу әдістерін, интеллектуалды жүйелерді және жасанды интеллект технологияларының қолдану салаларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы кәсіби қызметтің түрлі салаларында жасанды интеллект технологияларын қолданады.	5												+		
32	Спорттық туризм	Пән туристік қызметтің бағыты ретінде спорттық туризм негіздерін меңгеруге және белсенді туризмнің әртүрлі түрлерін зерделеуге бағытталған. Мазмұны қозғалыс әрекеттерін орындау әдістемесін, жорықтар мен су маршруттарын ұйымдастыру ерекшеліктерін, қауіпсіздік талаптарын, физикалық дайындық негіздерін, спорттық туризм түрлерінің сипаттамасын және оларды өткізу шарттарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы спорттық туризм түрлерін және оларды ұйымдастыру ерекшеліктерін талдайды.	5									+				+	
33	Мейрамхана ісіндегі стандарттау және сертификаттау	Пән мейрамхана ісінде стандарттау және сертификаттаудың теориялық негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны стандарттаудың даму тарихын, стандарттардың жіктелуін, өнім мен қызмет сапасын басқару қағидаларын, сәйкестікті растау рәсімдерін, өнім сапасын бақылау әдістерін, техникалық құжаттаманы рәсімдеу ережелерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы мейрамхана бизнесінде стандарттау және сертификаттау үдерістерін талдайды.	5												+		+
34	Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу	Пән ақпаратты интеллектуалды өңдеу үшін жасанды нейрондық желілерді әзірлеу мен қолданудың теориялық	5												+		

	(Minor)	білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны жасанды нейрондық желілерді құру және олардың жұмыс істеу принциптерін, нейрондық желілердің негізгі архитектураларын, оқыту әдістерін, деректерді дайындау мен өңдеуді, нейрожелілік модельдерді әзірлеу құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы деректерді өңдеу міндеттері мен интеллектуалды жүйелерді шешу үшін нейрондық желілерді әзірлейді.															
35	Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасы	Пән туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасын және әртүрлі күрделілік санатындағы туристік жорықтарды ұйымдастыруға дайындық негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны маршруттарды жоспарлау ерекшеліктерін, қатысушылардың физикалық дайындығын, тамақтану және туристік жабдық мәселелерін, медициналық сүйемелдеудің негіздерін, маршруттағы қауіпсіздік талаптарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы белсенді туристік саяхаттардың маршруттарын әзірлейді.	5									+				+	
36	Қазақстанның туристік ресурстары	Пән туристік қызметтің аумақтық ұйымдастырылуы және Қазақстанның ресурстық әлеуеті туралы білімдерді меңгеруге бағытталған. Мазмұны аумақтың туристік-рекреациялық әлеуетін, туризмнің дамуының ұлттық және өңірлік ерекшеліктерін, өңірлердің табиғи және мәдени ресурстарының сипаттамасын, олардың ішкі және халықаралық туризмді дамытудағы маңызын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы Қазақстан өңірлерінің туристік-рекреациялық ресурстарын талдайды.	4							+						+	
37	Туристік формальдықтар	Пән туристік формальдылықтардың теориялық негіздерін және олардың халықаралық туристік сапарларды ұйымдастырудағы рөлін меңгеруге бағытталған. Мазмұны туристік формальдылықтардың	5								+							+

		түрлерін, визалық ережелерді, паспорттық талаптарды, кедендік рәсімдерді, санитарлық нормаларды, кіріс және шығыс туризмді ұйымдастыру кезінде шекаралық бақылаудың ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы халықаралық сапарларды ұйымдастыру кезінде туристік формальдылықтарды талдайды.																
38	Туристік қызметтердің сапасын басқару	Пән туризм және қонақжайлылық саласында туристік қызметтердің сапасын басқару негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны туристік қызметтердің сапасын басқару объектісі ретінде, ұйымдардың бәсекеге қабілеттілік факторларын, сапаны басқарудың әдіснамалық негіздерін, қызмет көрсету сапасының стандарттарын, қызмет сапасын бақылау құралдарын, сервис деңгейін бағалау әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметтердің сапасын және сервистік үдерістердің тиімділігін бағалайды.	5											+			
39	Туризмдегі этика және мәдениет	Пән туристік салада кәсіби мінез-құлық нормаларын және іскерлік коммуникация негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны басқарушылық этиканың негіздерін, ұжымдағы өзара әрекеттесу қағидаларын, коммуникациялық кедергілерді еңсеруді, туризмнің іскерлік ортасындағы мәдениетаралық коммуникация ерекшеліктерін, саладағы этика мен мәдениеттің дамуындағы заманауи үрдістерді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туризм саласындағы іскерлік коммуникацияны талдайды.	4						+								
Бейіндеуші пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті																		
40	Жасанды интеллектті қолдана отырып қызмет көрсету саласындағы ғылыми	Пән қызмет көрсету саласында жасанды интеллектті қолдана отырып, ғылыми-зерттеу қызметінің негіздерін меңгеруге бағытталған. Пән мазмұны ғылыми зерттеу әдістерін, зерттеу жүргізу кезеңдерін, деректерді жинау	5					+										

	зерттеулердің негіздері	және талдау тәсілдерін, ақпаратты өңдеуде жасанды интеллект құралдарын қолдануды, зерттеу нәтижелерін интерпретациялауды, сондай-ақ зерттеу міндеттерін шешуде цифрлық технологияларды пайдалануды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы қызмет көрсету саласында жасанды интеллект құралдарын пайдалана отырып ғылыми зерттеулерді жоспарлай алады.																
41	Туристік қызметтегі сату технологиясы	Пән туристік қызметтерді сату технологияларын және туристік қызметте клиенттерге қызмет көрсетуді ұйымдастыруды меңгеруге бағытталған. Мазмұны туристік өнімді әзірлеу әдістерін, туристік қызметтерді сату технологияларын, клиенттерге қызмет көрсету кезеңдерін, туристік өнімдерді өткізу арналарын таңдауын, туристік қызметтерді нарықта ілгерілету ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметтерді сату үдерісін талдайды.	5						+					+			
Бейіндеуші пәндер циклі Таңдау компоненті																		
42	Туризмдегі бухгалтерлік есеп және салық салу	Пән туристік кәсіпорындарда бухгалтерлік есеп пен салық салу негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны туристік кәсіпорындарда бухгалтерлік есеп жүргізудің теориялық негіздері мен практикалық аспектілерін, туристік өнімді есептеу әдістері мен тәсілдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметтер бойынша бухгалтерлік және салықтық есеп жүргізу дағдыларын қалыптастырады.	5							+					+			
43	Дүниежүзілік туристік аймақтар	Пән әлемдік туристік аймақтардың қалыптасу, қызмет ету және даму заңдылықтарын меңгеруге бағытталған. Мазмұны әлемдік туристік аймақтардың ерекшеліктерін, туризмнің табиғи және әлеуметтік-экономикалық ресурстарын, оларды ұтымды пайдалану қағидаларын, әлемдік туристік орталықтарды, халықаралық туристік	5							+								+

		ағымдардың бағыттарын, халықаралық туризмнің даму факторларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы әлемдік туристік аймақтардың ерекшеліктерін жүйелейді.																	
44	Туризмдегі түрікше іскерлік коммуникация (негізгі)	Пән туристік салада кәсіби өзара әрекеттесу үшін түрік тілінде іскерлік коммуникация негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны іскерлік қарым-қатынастың лексикалық-грамматикалық ерекшеліктерін, туризм саласының кәсіби терминологиясын, клиенттермен өзара әрекеттесудің коммуникативтік модельдерін, іскерлік хат алмасу ережелерін, ауызша кәсіби сөйлеудің ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы түрік тілінің лексикалық-грамматикалық құрылымдарын іскерлік коммуникацияда қолданады.	5											+			
45	Инклюзивті туризм	Пән халықтың әртүрлі санаттары, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімді туризмді ұйымдастыру қағидаларын меңгеруге бағытталған. Мазмұны туристік инфрақұрылымның қолжетімділік стандарттарын, инклюзивті маршруттарды жобалау әдістерін, қауіпсіз туристік қызмет көрсету талаптарын, туристердің әртүрлі топтары үшін саяхаттарды ұйымдастыру ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметтердің қолжетімділік талаптарын талдайды.	5										+				
46	Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект (Minor)	Пән техникалық және ақпараттық объектілерді талдау, модельдеу және басқару үшін жасанды интеллект әдістерін қолдану білімі мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны басқару жүйелеріндегі жасанды интеллект әдістері мен алгоритмдерін, шешім қабылдаудың интеллектуалды әдістерін, деректерді өңдеу мен талдауды, машиналық оқыту мен интеллектуалды жүйелерді қолдануды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы объектілерді басқару жүйелерінде жасанды интеллект технологияларын	5												+		

		қолданады.																
47	Туризмдегі логистика	Пән туристік қызметтегі логистикалық үдерістерді ұйымдастыру қағидаларын меңгеруге бағытталған. Мазмұны туризмде логистикалық жүйелерді қалыптастырудың ғылыми әдістерін, туристік өнімді құру кезінде ресурстар ағындарын басқаруды, туристерге көліктік қызмет көрсетуді ұйымдастыруды, қызметтерді сатып алу мен бөлуді жоспарлауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметтегі логистикалық үдерістердің элементтерін сәйкестендіреді.	5									+			+		
48	Туристік бизнестегі халықаралық брондау және резервтеу жүйелері	Пән туристік қызметтерді электрондық брондау бойынша заманауи технологияларды меңгеруге бағытталған. Пән мазмұны халықаралық брондау жүйелерінің жұмыс істеу қағидаларын, цифрлық платформалар арқылы туристік қызметтерді резервтеу технологияларын, туристік кәсіпорындар мен онлайн брондау жүйелері арасындағы өзара әрекеттестік ерекшеліктерін, туристік ұйымдардың арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік бизнестегі брондау және резервтеу жүйелерінің жұмыс істеу қағидаларын талдайды.	5						+						+		
49	Халықаралық сапа стандарттары	Пән туристік өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін халықаралық стандарттарға сәйкес қамтамасыз ету қағидаларын меңгеруге бағытталған. Мазмұны қызмет сапасын анықтау әдістерін, туристік ұйымдардың бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін, сапаны басқарудың халықаралық стандарттарын, сапа менеджменті жүйесін қалыптастыруды, оның жұмыс істеу және жетілдіру механизмдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметтердің халықаралық сапа стандарттарының талаптарына сәйкестігін анықтайды.	5				+								+		
50	Туризмдегі персонал менеджменті	Пән туристік қызметтегі персоналды басқару негіздерін меңгеруге және басшының кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны персоналды	5				+					+						

		басқару ұғымын, басқару әдістері мен стильдерін, ұйымдастырушылық құрылымдарды құру қағидаларын, персоналды іріктеу рәсімдерін, қызметкерлердің тиімділігін бағалау әдістерін, қызметкерлердің кәсіби дамуының механизмдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметтегі персоналды іріктеу, бағалау және кәсіби дамыту әдістерін талдайды.																	
51	Әлеуметтік сала және туризмнің микроэкономикасы	Пән әлеуметтік сала мен туристік қызметтің микроэкономикалық негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны экономикалық субъектілердің шешім қабылдау механизмін, жеке таңдау модельдерін, тұтынушылық мінез-құлық көрсеткіштерін, микроэкономикалық талдау әдістерін, микроэкономикалық айнымалылар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды, туристік қызметтер нарығының жұмыс істеу ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы әлеуметтік сала мен туризмдегі экономикалық үдерістерді талдайды.	5							+			+				
52	Мейрамхана және мейманхана бизнесін ұйымдастыру	Пән мейрамхана және мейманхана бизнесі кәсіпорындарын ұйымдастыру және басқару негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны қонақжайлылық индустриясының негізгі ұғымдарын, мейрамхана және мейманхана кәсіпорындарының құрылымын, қызмет көрсетуді ұйымдастыру ерекшеліктерін, орналастыру және тамақтандыру қызметтерін ұсынудың технологиялық үдерістерін, сервис сапасына қойылатын талаптарды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы мейрамхана және мейманхана бизнесінің ұйымдастырылуын сипаттайды.	5				+						+				
53	Санаторлық-курорттық бизнесті ұйымдастыру	Пән қазіргі нарықтық экономика жағдайында санаторий-курорттық бизнесті ұйымдастыру негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны санаторий-курорттық қызмет көрсету жүйесін, емдеу мен демалысты ұйымдастыруды, курорттық қызметтің ресурстық қамтамасыз етілуін,	5				+								+		

		санаторий-курорттық өнімді қалыптастыру ерекшеліктерін, курорттық саланы дамытудың инновациялық үдерістерін, санаторий-курорттық ұйымдарды дамытудың инвестициялық механизмдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы санаторий-курорттық қызмет түрлерін және емдеу мен демалысты ұйымдастыру ерекшеліктерін жіктейді.																		
54	Авиациялық туризм негіздері	Пән туристік өнімнің авиациялық құрамдас бөлігін ұйымдастыру негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны авиакөлікпен турларды қалыптастыру қағидаларын, тұрақты және чартерлік авиабағдарламалардың ерекшеліктерін, туристік ұйымдардың әуе компанияларымен және әуежайлармен өзара әрекеттесуін, авиациялық туризмдегі нормативтік-құқықтық талаптарды, жолаушыларға қызмет көрсету сапасына қойылатын талаптарды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы авиакөлікті пайдалану арқылы туристік өнімді қалыптастыру ерекшеліктерін салыстырады.	5												+		
55	Туристік бизнестегі паспорттық-визалық құжаттама және сақтандыру	Пән туристік бизнесте паспорттық-визалық құжаттарды рәсімдеу және сақтандыру негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны туристік формальдылықтарды, паспорттық құжаттарды рәсімдеу ережелерін, әртүрлі елдердің визалық талаптарын, туризмдегі сақтандыру түрлерін, сақтандыру полистерін рәсімдеуге қойылатын талаптарды, туристік сапарларды реттеудің нормативтік негіздерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметте паспорттық-визалық құжаттама және сақтандыру талаптарын жүйелейді.	5												+		+
56	Туризм саласындағы құқықтық негіздер	Пән туристік қызметті реттеудің құқықтық негіздерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны туризм саласындағы заңнаманы, нормативтік-құқықтық актілерді, туристік қызметті лицензиялауды, туристік қызметтердің қауіпсіздік талаптарын, туристік саланы мемлекеттік	5								+						+

		реттеуді, қызмет көрсету сапасының стандарттарын, туристік ұйымдардың ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу тәртібін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметтің нормативтік-құқықтық базасын талдайды.																	
57	Халықаралық туризм тәуекелдері	Пән халықаралық туризмдегі тәуекелдерді бағалау, талдау және басқару әдістерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны халықаралық туризм тәуекелдерінің теориялық негіздерін, туристік қызметтегі тәуекелдердің жіктелуін, оларды анықтау және бағалау әдістерін, халықаралық туристік бизнестегі тәуекелдерді басқару құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы халықаралық туризм тәуекелдерін жіктейді.	5												+			+	
58	Туризм саласындағы персоналды басқарудың заманауи технологиялары	Пән туристік индустрияда персоналды басқарудың заманауи технологияларын меңгеруге бағытталған. Мазмұны HR-менеджмент модельдерін, ұйымдастырушылық құрылымдарды қалыптастыру әдістерін, персоналды іріктеу технологияларын, кадрлық әлеуетті бағалау құралдарын, қызметкерлерді дамыту жүйелерін, корпоративтік мәдениетті қалыптастыру механизмдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік индустрияда персоналды басқарудың заманауи технологияларын бағалайды.	5					+						+					
59	Туризм статистикасы	Пән туризмнің даму үдерістерін статистикалық талдау әдістерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны статистикалық ақпаратты жинау әдістерін, деректерді өңдеу тәсілдерін, туристік сұраныс көрсеткіштерін, статистикалық талдау әдістерін, статистикалық деректерді жалпылау құралдарын, туристік ағымдарды зерттеу ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы саланың даму үрдістерін ескере отырып туризмнің статистикалық көрсеткіштерін интерпретациялайды.	5							+	+								
60	Туризм	Пән туристік индустрияның даму үдерістерін зерттеудің	5							+	+								

	индустриясының теориясы мен әдістемесі	теориялық-әдіснамалық тәсілдерін меңгеруге бағытталған. Мазмұны туризмнің негізгі теорияларын, ғылыми зерттеу әдіснамасын, туристік үдерістерді талдау әдістерін, туристік қызметті зерттеудің заманауи тәсілдерін, туристік ұйымдардың қызмет ету мәселелерін, туристік индустрияның даму үрдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік индустрияны зерттеу әдістерін талдайды.																		
61	Туризмдегі брондау және резервтеу технологиялары	Пән туристік қызметтерді брондау және резервтеу бойынша заманауи технологияларды меңгеруге бағытталған. Пән мазмұны туристік қызметте брондауды ұйымдастыру қағидаларын, туристік қызметтерді резервтеу әдістерін, автоматтандырылған брондау жүйелерінің жұмыс істеу ерекшеліктерін, туристік компанияларда цифрлық технологияларды қолдануды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік қызметтерді брондау және резервтеу технологияларын талдайды.	5						+						+			
62	Турлар мен маршруттарды құру технологиялары	Пән туристік турлар мен маршруттарды әзірлеудің қағидалары мен технологияларын меңгеруге бағытталған. Мазмұны турларды жобалаудың теориялық негіздерін, туристік маршруттарды жоспарлау және оңтайландыру әдістерін, қауіпсіздік талаптарын, туристік сапарлардың логистикасының ерекшеліктерін, туристік сұранысты қалыптастыру факторларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік маршруттардың элементтерін логистика, қауіпсіздік және туристердің қажеттіліктерін ескере отырып талдайды.	5												+	+		
63	Туризмдегі іскерлік тәжірибедегі түрік тілі (негізгі)	Пән туристік салада кәсіби өзара әрекеттесу үшін түрік тіліндегі базалық коммуникативтік дағдыларды меңгеруге бағытталған. Мазмұны түрік тілінде іскерлік қарым-қатынас негіздерін, туризм саласының кәсіби лексикасын, іскерлік өзара әрекеттесудің сөйлеу	5					+							+				

		модельдерін, іскерлік хат алмасу ережелерін, түрік мәдениеті өкілдерімен мәдениетаралық қарым-қатынас ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы туристік салада түрік тілінде іскерлік коммуникация жүргізеді.																	
64	Экологиялық туризм	Пән экологиялық туризмнің негіздерін және табиғи ресурстарды тұрақты пайдаланудың қағидаларын меңгеруге бағытталған. Мазмұны экологиялық туризмнің ерекшеліктерін, табиғи аумақтарды, жергілікті қауымдастықтардың мәдени дәстүрлерін, этнографиялық және тарихи нысандарды, табиғи ландшафтарды сақтау қағидаларын, экологиялық маршруттарды ұйымдастыру әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы экотурлар мен туристік дестинациялардың тұжырымдамаларын әзірлейді.	5							+						+		

8 Модуль шеңберінде оқытудың жоспарланған нәтижелерін бағалау технологияларымен және оқыту әдістерімен үйлестіру

Оқыту нәтижелерінің саны (ОН)	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері	Бағалау технологиялары (құралдары)	Оқыту және сабақ беру әдістері
ОНжббқ1	Қазақстан тарихының, философияның, әлеуметтік-саяси білімдердің негізгі заңдылықтарын өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтендіру және бейімделу үшін қолданады, қазіргі заманда ұтқырлыққа, сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады	Тестілеу, ауызша сұрау, презентация, практикалық тапсырма, талқылау	Дәріс, пікірталас, топтық жұмыс, кейстермен жұмыс, презентацияны дайындау және қорғау, практикалық сабақтар
ОНжббқ2	Қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасай алады	Ауызша сұрау, жазбаша тапсырмалар, тестілеу, презентация, практикалық тапсырма	Практикалық сабақтар, жұптық және топтық жұмыс, диалог, пікірталас, презентацияны дайындау және қорғау

ОН$_{ЖББКЗ}$	Ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату үшін ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың әртүрлі түрлерін меңгереді	Тестілеу, практикалық тапсырма, презентация, АКТ ортасында тапсырмаларды орындау	Дәріс, АКТ ортасындағы практикалық жұмыс, практикалық тапсырмаларды орындау, цифрлық ресурстармен жұмыс, презентацияны дайындау және қорғау
ОН1	Қоғам сұраныстары мен клиент қажеттіліктерін, сондай-ақ қызмет көрсетудің заманауи стандарттарын ескере отырып, туризм менеджменті, қонақ үй бизнесі және қызмет көрсету саласында жұмысты ұйымдастырады.	Тестілеу, презентация, ауызша сауалнама	Дәріс, презентация дайындау және қорғау, мысалдарды талдау, фронтальды сауалнама
ОН2	Кәсіби іс-шараларды жоспарлау және іске асыру кезінде адамдардың, объектілердің, құбылыстар мен оқиғалардың жеке және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы ғылыми зерттеу әдістерін қолданады.	Презентация, ауызша сауалнама, шағын жобалар	Талқылау, миға шабуыл, фронтальды сауалнама
ОН3	Туристік деректерді цифрлық технологияларды қолданып және мәдениетаралық коммуникация талаптарын ескере отырып, туристік қызметтерді ілгерілету мен дамыту мүмкіндіктерін бағалау мақсатында талдайды.	Тестілеу, кейс-тапсырмалар, практикалық тапсырма, ауызша сауалнама	Кейстермен жұмыс, топтық жұмыс, АКТ ортасында жұмыс істеу
ОН4	Туризм индустриясы мен инфрақұрылымында бухгалтерлік есеп қағидаттарын қолданып, әлеуметтік-экономикалық зерттеулер жүргізе отырып, туристік-рекреациялық қызметті талдау барысында ғылыми тәсілдерді қолданады.	Тестілеу, ауызша сауалнама, кесте/график бойынша тапсырма	Дәріс, диаграммалармен жұмыс, шағын презентациялар, тест сұрақтары
ОН5	Туристік кәсіпорындардың қызметін қамтамасыз ету кезінде тіршілік қауіпсіздігі, экологиялық жауапкершілік және нақты даму қағидаттарын сақтай отырып, тәуекелдерді бағалайды.	Тестілеу, практикалық тапсырма, талқылау	Ситуациялық талдау, жағдайларды модельдеу, тест сұрақтары, фронтальды сауалнама
ОН6	Жеке және кәсіби даму траекториясын анықтап, туризмнің әртүрлі түрлерінде, соның ішінде белсенді туризмде қолданбалы дағдыларды меңгере отырып, туристік дестинацияның бренді мен туристік қызметтерді орналастыру және ілгерілету стратегиясын әзірлейді.	Презентация, өзін-өзі бағалау, жеке тапсырмалар, талқылау	Интерактивті дәріс, фронтальды сауалнама, презентация дайындау және қорғау
ОН7	Инклюзивті қажеттіліктерді ескере отырып, тұрақты әрі кәсіпкерлік шешімдер қабылдаудың заманауи әдістерін меңгерген, экономика және қаржылық сауаттылық бойынша білімі бар.	Шағын презентация, тестілеу, ауызша сауалнама, кейс-тапсырмалар	Миға шабуыл, тапсырмаларды шешу, кейстерді талқылау, тест сұрақтары

ОН8	Мәдениетаралық ортада іскерлік қарым-қатынас пен кәсіби коммуникация дағдыларын пайдалана отырып, туристік қызметтердің сапасын мониторинг жасап, бақылауды жүзеге асырады.	Ауызша сауалнама, тестілеу, рөлдік жағдай, талқылау, презентация	Рөлдік ойын, топтық талқылау, тест сұрақтары, презентация дайындау және қорғау
ОН9	Қызметтерді тұтынушыларға жоғары деңгейде қызмет көрсетуді кәсіби қызмет стандарттарының талаптарына сәйкес ұйымдастырады, оның ішінде көлік және әуе тасымалдары саласында, туристік салада заманауи бағдарламалық қамтамасыз ету мен жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып.	Практикалық тапсырма, тестілеу, демонстрация	БҚ-да жұмыс істеу, нұсқаулық бойынша орындау, қадамдық оқыту, тест сұрақтары
ОН10	Әртүрлі ландшафттар мен жағдайларда туристік маршруттарды әзірлеу әдістерін пайдалана отырып, экскурсиялық және анимациялық қызметті ұйымдастырады.	Маршрутты әзірлеу, презентация, тестілеу, ауызша сауалнама	Маршрутты қорғау, модельдеу, тест сұрақтары, презентация дайындау және қорғау
ОН11	Саяхат кезінде және орналастыру орындарында қауіпсіздікті тексеру рәсімдерін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қағидаттарын ескере отырып, туристердің қолданыстағы аймақтық және халықаралық құқықтық-нормативтік құжаттарды пайдалану мүмкіндіктерін бағалайды.	Тестілеу, ауызша сауалнама, кейс-тапсырмалар	Тест сұрақтары, кейстермен жұмыс, топта талқылау, фронтальды сауалнама

9 Кәсіби стандарттардың еңбек функцияларына білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін сәйкестендіру (бар болған жағдайда)

Қолданылған кәсіби стандарттардың атауы	ҰБШ-ның 6 және/немесе 7 деңгейіндегі кәсіптер	Еңбек функциялары	Тапсырмалар	ББ бойынша оқыту нәтижелері
«Туристік қызметтерді ұсыну» 06.12.2022ж. №224	Туризм жөніндегі агенттер және тектес қызметтердің қызметшілері	ЕФ1. Ішкі турларды әзірлеу	Тапсырма 1: Ішкі турлар бойынша ақпарат жинау және деректер базасын құрастыру	ОН6 Жеке және кәсіби даму траекториясын анықтап, туризмнің әртүрлі түрлерінде, соның ішінде белсенді туризмде қолданбалы дағдыларды меңгере отырып, туристік дестинацияның бренді мен туристік қызметтерді орналастыру және ілгерілету стратегиясын әзірлейді. ОН10 Әртүрлі ландшафттар мен жағдайларда туристік маршруттарды әзірлеу әдістерін пайдалана отырып, экскурсиялық және анимациялық қызметті ұйымдастырады.
		ЕФ2. Кірмелік	Тапсырма 1: Кірмелік турлары, туроператорлар	ОН6 Жеке және кәсіби даму траекториясын анықтап, туризмнің әртүрлі түрлерінде, соның ішінде белсенді туризмде

		турларын әзірлеу	және басқа да серіктестер бойынша ақпарат жинау және деректер базасын құру	қолданбалы дағдыларды меңгере отырып, туристік дестинацияның бренді мен туристік қызметтерді орналастыру және ілгерілету стратегиясын әзірлейді. ОН10 Әртүрлі ландшафттар мен жағдайларда туристік маршруттарды әзірлеу әдістерін пайдалана отырып, экскурсиялық және анимациялық қызметті ұйымдастырады.
		ЕФ3. Ішкі турларды ұйымдастыру	Тапсырма 1: Ішкі турды қалыптастыру және жинақтау	ОН1 Қоғам сұраныстары мен клиент қажеттіліктерін, сондай-ақ қызмет көрсетудің заманауи стандарттарын ескере отырып, туризм менеджменті, қонақ үй бизнесі және қызмет көрсету саласында жұмысты ұйымдастырады.
		ЕФ4. Кірмелік турларын ұйымдастыру	Тапсырма 1: Шетелдік туристер тобымен өзара әрекеттестік	ОН1 Қоғам сұраныстары мен клиент қажеттіліктерін, сондай-ақ қызмет көрсетудің заманауи стандарттарын ескере отырып, туризм менеджменті, қонақ үй бизнесі және қызмет көрсету саласында жұмысты ұйымдастырады.
		ЕФ5. Ішкі турларды өткізу	Тапсырма 1: Туристер тобымен өзара әрекеттестік	ОН8 Мәдениетаралық ортада іскерлік қарым-қатынас пен кәсіби коммуникация дағдыларын пайдалана отырып, туристік қызметтердің сапасын мониторинг жасап, бақылауды жүзеге асырады. ОН10 Әртүрлі ландшафттар мен жағдайларда туристік маршруттарды әзірлеу әдістерін пайдалана отырып, экскурсиялық және анимациялық қызметті ұйымдастырады.
		ЕФ6. Кірмелік турларын өткізу	Тапсырма 1: Шетелдік туристер тобымен өзара әрекеттестік	ОН8 Мәдениетаралық ортада іскерлік қарым-қатынас пен кәсіби коммуникация дағдыларын пайдалана отырып, туристік қызметтердің сапасын мониторинг жасап, бақылауды жүзеге асырады. ОН10 Әртүрлі ландшафттар мен жағдайларда туристік маршруттарды әзірлеу әдістерін пайдалана отырып, экскурсиялық және анимациялық қызметті ұйымдастырады.
«Экскурсия жүргізуші» 17.04.2024ж. №151	Экскурсия жүргізуші	ЕФ1. Музейде экскурсиялық бағдарламаларды дайындау және өткізу	Тапсырма 1: Музейге келушілердің әртүрлі топтарына және әртүрлі уақыт ұзақтығына арналған экскурсия мәтіндерін құрастыра білу.	ОН8 Мәдениетаралық ортада іскерлік қарым-қатынас пен кәсіби коммуникация дағдыларын пайдалана отырып, туристік қызметтердің сапасын мониторинг жасап, бақылауды жүзеге асырады. ОН10 Әртүрлі ландшафттар мен жағдайларда туристік маршруттарды әзірлеу әдістерін пайдалана отырып,

				экскурсиялық және анимациялық қызметті ұйымдастырады.
«Кірмелік туризм және ішкі туризм саласындағы туристік қызметтерді ұйымдастыру» 06.12.2022ж. №224	Туристік оператор	ЕФ1. Компанияның туристік өнімін жинақтау және сату	Тапсырма 1: Сыртқы қызметтерді сатып алу	ОН9 Қызметтерді тұтынушыларға жоғары деңгейде қызмет көрсетуді кәсіби қызмет стандарттарының талаптарына сәйкес ұйымдастырады, оның ішінде көлік және әуе тасымалдары саласында, туристік салада заманауи бағдарламалық қамтамасыз ету мен жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып.
			Тапсырма 2: Турлардың жинақтамасы	
		ЕФ2. Туристік өнімді өткізуге қатысу	Тапсырма 1: Туристік қызметтерді өткізу тұжырымдамасын әзірлеу	ОН3 Туристік деректерді цифрлық технологияларды қолданып және мәдениетаралық коммуникация талаптарын ескере отырып, туристік қызметтерді ілгерілету мен дамыту мүмкіндіктерін бағалау мақсатында талдайды. ОН6 Жеке және кәсіби даму траекториясын анықтап, туризмнің әртүрлі түрлерінде, соның ішінде белсенді туризмде қолданбалы дағдыларды меңгере отырып, туристік дестинацияның бренді мен туристік қызметтерді орналастыру және ілгерілету стратегиясын әзірлейді.

10 Түлек моделі

<table>
<tr><th colspan="4">ТҮЛЕК МОДЕЛІ</th></tr>
<tr><td colspan="4">Құзыреттіліктер (soft skills, digital skills)</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Кәсіби стандарт «Туристік қызметтерді ұсыну», «Экскурсия жүргізуші», «Кірмелік туризм және ішкі туризм саласындағы туристік қызметтерді ұйымдастыру». Жаңа мамандықтар атласы 2025ж. - Экологиялық туризм менеджері, Өңірлік стандарт Астана қ. 2023ж - Халықаралық туристік гид.</td><td>Түлек атрибуттары</td><td>Білім</td><td>Іскерліктер</td></tr>
<tr><td>Туризм саласындағы жоғары кәсібилік;
Жаһандық сын-қатерлерге бейімделу;
Көшбасшылық қабілет;
Кәсіпкерлік ойлау жүйесі;
Жаһандық азаматтық;
Академиялық адалдық қағидаттары мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну;
Коммуникативтік құзыреттіліктер;
